



№22 (10603)
6 маусым 2024 жыл

Газет 1941 жылдың 27 желтоқсанынан шыға бастады

www.mangystaumedia.kz

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады

Жаңа

zhanaomir@bk.ru

МАҢҒЫСТАУ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ӨМІР

4 МАУСЫМ – РӘМІЗДЕР КҮНІ



Күнтізбедегі мереке-лер тізбегіндегі 4 маусым – рәміздер күні еліміз үшін ерекше дата. Өйткені, көк байрағымыз бен елтаңбамыз, әнұранымыз тарихымызды, мәдени мұрамызды, күшіміз бен болашаққа ұмтылысымызды айшықтайтын қасиетті нышан.

Еліміз еңсесін тіктеп, елдікке қол жеткізген тұста мемлекеттігіміздің, егемендігіміздің

белгісі рәміздерімізді қабылдау – тарихымызда алтын әріппен жазылар айтулы оқиға болды. Президент Қ.Тоқаев мемлекеттік рәміздерде бүкіл Қазақстан халқын біріктіретін, жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайтатын құдіретті күш бар екенін бірнеше рет атап өтті.

Мереке қарсаңында ауданымызда мемлекеттік ту көтеріліп, әнұран орындалды. Аудан әкімі Ғ.Ниязов мерекенің мән-маңызына тоқталып, мемлекеттік рәміздерді қастерлеу – биік азаматтық пен шынайы патриотизмнің айқын көрінісі екенін атап өтті. «Мемлекеттік рәміздер – Ту, Елтаңба және Әнұран Қазақстан

Республикасының дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы әрі мемлекетіміздің өткені мен бүгіні және болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ рәміздер – халқымыздың мұқалмас рухын, қаһармандығы мен даналығын, асқақ арман-тілегін жеткізетін құнды белгілер. Бүгінгі еліміз үшін айтулы мерекеге әр мекеме, бөлімдер, әр тұрғын ерекше ықыласпен қарауы керек. Болашақ жастарымыз мемлекеттік рәміздердің маңызын түсініп өсуі тиіс», - деді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ҚОҒАМ ДЕРТІ

Жуырда достарымызбен болған басқосуда бір жас келіншекпен таныстым. Томаға тұйық, өз-өзімен оңашалау отырған келіншекті әңгімеге тарттым. Ананы, мынаны әңгімелеп отырып, ол өзінің бастан кешкен оқиғасымен бөлісті. Атын жасырын түрде сол оқиғаны көпшілікке ұсынуды жөн көрдім. Газеттен бұл мақаланы оқығандарға сабақ болсын деген ниетпен...

ҚҰМАР ОЙЫННЫҢ ҚҰРБАНЫ



– Жалындап тұрған жастық шағымда махаббатпен, өзімнің сөз байласқан адамыммен отбасы құрдым. Тату-тәтті өміріміз көпке үлгі бола білді десем артық айтқаным емес еді. Өмірге кішкентайымыз келіп, бала күтімімен жұмысқа шыға алмадым. Үй тірлігінен қолы бос адам ұялы телефонға телмірмегенде не істейді?! Жолдасым, ата-енем күн ұзағына жұмыста. Азын – аулақ үйдің жұмысын жасап, босай қалсам бірдеңеден құр қалғандай ұялы телефонға жабысатын жағдайға жеттім. Бір күні әр нәрсені бір қарап отырып, азғантай ақша салсаң, «бәленбай» қаржының иесі атанасың деген бір блогердің рекламасына көзім түсіп, бір ойнап көрсем ештеңе етпес деп, азғантай ақшамды салып жібердім. Рас, басында 30-40 мыңдап ақша ұтып, жеңіске жеткеніме қуандым. Үйдің адамдарына ештеңе деместен, ойынды жалғастыра бердім. Азғантай ақша ұтсам болды, ары қарай ойнамаймын деген ойым мені алдады. Басында ұтқаным қуанып, ойынның соңына түстім. Үйдегі жұмыссыз адамда қашанғы ақша болсын, жолдасымнан, ата-енемнен, жақын – жуық ағайынның бәрінен ақша сұрап, сұрап өтірікші болдым. Соңында, олар

тіпті бермейтін болды. Ол олма, қаншама кредит алып, тіпті несін жасырайын, алтын, қымбат дүниелердің бәрін саттым. Сондағы ойым көлемді ұтыс түссе бәрін қайтарамын деген болды. Қайдағы, шырмауына байлаған ойын мені отбасымнан ажыратты. Ынтымағы жарасқан шаңырағымды шайқалтты. Баламды жетім етті. Өкесі менен теріс айналды. Ұзақ емделдім. Қазір өткен ісіме өкінемін. Бірақ не пайда, бәрі де кеш, – деп көзіне жас алды.

Иә, жеңіл ақшаға құмарлық, желкеңнен шығатыны сөзсіз. Құмар ойын бизнесін ұйымдастырушылардың қалтасы кампанымен, құмар ойыншылардың тағдыры бұзылғаны алаңдатады. «Бір көрейінші» деп бастап, барынан айырылғанша бәс тігетін адам қаншама?! Жеңіл ақшаға әуес болып, миллиондарды желге ұшырады. Өзін ғана емес, отбасын да шырылдатып, шығынға батырып ойнайтын құмарлық – шынында да аурудың асқынған түрі.

А.РАХМЕТОВА.

ТАҒАЙЫНДАУ

Ербол Ізбергенов Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары



3 маусым күні өңір басшысы Нұрдаулет Қилыбай облыс активіне кандидатурасы ҚР Президенті Әкімшілігімен келісілген бірінші орынбасарын таныстырды, деп хабарлайды mangystaumedia.kz облыс әкімінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары қызметіне Ербол Ізбергенов тағайындалды.

Ербол Күрентайұлы Ізбергенов 1973 жылы туған, білімі жоғары, мамандығы инженер-құрылысшы. "Іскерлік басқару" магистрі.

Еңбек жолын 1991 жылы «Маңғыстаумұнайгазбарлау» кешенді экспедициясы құрылыс-жинақтау учаскесінің тас қалаушысы қызметінен бастаған.

Әр жылдары өңірлік деңгейдегі құрылыс мекемелерінде, Ақтау қаласы әкімдігінде еңбек етіп, Мұнайлы ауданы әкімінің орынбасары, облыстық құрылыс басқармасының басшысы қызметтерін атқарды.

Сондай-ақ, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінде және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінде басқарма басшысы болып еңбек еткен.

2019-2020 жылдары «Ақтау теңіз порты» Арнайы экономикалық аймақ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары, кейін «Атамекен» республикалық кәсіпкерлік палатасының директоры болды.

2020-2023 жылдары аралығында Ақтау қаласы әкімінің орынбасары және Ақтау қаласы әкімінің лауазымдарын атқарды.

Аббат Өрісбаев Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары

3 маусым күні өңір басшысы Нұрдаулет Қилыбай облыс активіне жаңа орынбасары Аббат Өрісбаевты таныстырды, деп хабарлайды mangystaumedia.kz. облыс әкімінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Аббат Жәңгірханұлы Өрісбаев 1981 жылы туған, білімі жоғары, 2002 жылы Халықаралық еңбек академиясын «қаржы және несие» мамандығы бойынша бітірген.

Ол әр жылдары "Тұран Әлем Банкі" АҚ, "Темірбанк" АҚ, "Альянс Банк" АҚ түрлі лауазымдарда еңбек етті.

2015 жылдың шілде айынан бастап осы күнге дейін «ForteBank» АҚ Ақтау қаласы филиалының директоры қызметін атқарып келді.

VI, VII сайланған Маңғыстау облыстық мәслихатының депутаты, экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы болды.



Тілеген Әбішев Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары



3 маусымнан бастап ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша, облыс әкімінің өкімімен Тілеген Әбішев Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалды, деп хабарлайды mangystaumedia.kz облыс әкімінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Тілеген Ақанұлы Әбішев 1977 жылы туған, білімі жоғары, 1999 жылы Өп-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде «Тележурналистика» мамандығын, 2012 жылы Қазақ гуманитарлық-заң

университетінде «заңгер» мамандығын иеленген. "Іскерлік басқару" магистрі.

Әр жылдары "Астана", "Хабар 24", "Atameken Business Channel" телеарналарында еңбек еткен.

"Аграрлық несие корпорациясы" АҚ мен "Н.Назарбаев әуежайы" АҚ баспасөз қызметтерін басқарған.

2020 жылдан бері Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадио кешені құрылымдарында еңбек етіп келді.

2023 жылдың қыркүйек айынан бастап осы күнге дейін ҚР Президентінің Телерадиокешені директорының орынбасары қызметін атқарды.

"Ерен еңбегі үшін" медалі мен "Ақпарат саласының үздігі" төсбелгісінің иегері.



???

«АБЫСЫН-АЖЫН» БАЙҚАУЫНЫҢ БАС ЖҮЛДЕСІ АУДАН ҚОРЖЫНЫНДА

«Абысын тату болса ас көп». Халқымыздың осынау даналығының астарында отбасының берекесін арттырып, ағайын арасындағы ынтымақты нығайтудағы, әулет бақытын баянды етудегі абысындардың өзара татулығы мен сыйластығының теңдесіз маңызы жатыр.

болды. Байқаудың мақсаты ұлттық дәстүрлерімізді және әулеттің ұйытқысы - абысындар татулығын дәріптеуді көздейді. Дәстүрді дәріптеген сайысқа батыс аймақтарынан 8 әулеттің келіндері қатысып, бақ сынаған болатын. Солардың арасынан оза шауып, өнерімен, шеберлігімен, тапқырлығымен көзге түскен Бекмағұловтар әулетінің келіндері көпшілікті таңғалдырды. Ұлтымыздың ата дәстүрі, салт-санасы - халқымыздың ғасырлар бойы жинаған рухани қазынасы,

– Байқау 5 бөлімнен тұрды. Алғашқы бөлімде өздерімізді таныстырдық, екінші бөлімде «шебердің қолы асыл» демекші, өз өнерімізді көрсеттік. Келесі бөлімдерде сұрақтарға жауап беріп, қол-өнер бұйымдарын ұсынып, керемет мағыналы қойылымды сахналадық. Интернеттің пайдасы және зияны туралы қойылым өте мағыналы, әсерлі шықты деп айта аламын. Бүкіл әулетіміздің үлкендері бірден бізді қолдады. Оларға көп рахмет. Әулетімізде абысын-келіндер



Абысындың татулығы ұлтты сақтайтын, өсіп-өндіретін, ұлттық дәстүрді алға жылжытатын күдіретті күш. Абысындар мейірімнің, ізгіліктің жарығын сеуіп, бір-бірін қолдауы, ағайынның сыйластығына дәнекер болары сөзсіз.

Жуырда Ақтау қаласында «Қазақ аналары - дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің Маңғыстау облысы бойынша филиалының ұйымдастыруымен өткен «Абысын-ажын» байқауының батыс аймақтық кезеңінде ауданымыздың абыройын қорғаған Бекмағұловтар әулетінің келіндері топ жарып, бас жүлдеге ие

ұрпақтан-ұрпаққа қалдырған мұрасын кең көлемде насихаттап, татулығы жарасқан абысын-келіндер байқау арқылы көпке инабаттылық, мейірімділік, сыпайылық, адамгершілік, сыйластықтың үлгісін көрсетті.

Бүкіл әулеттің ұйытқысы - абысындар татулығы деп әспеттеген халықпыз. Тағылым-тәрбиесі мол байқаудың біздің өңірде өтуі біз үшін зор құрмет. Жастарымыздың бойына отбасылық құндылықтарды сіңіру арқылы ұлттық сананы оятуда, саналы қоғам қалыптастыруға ықпал етуде бұл жарыстың үлесі мол

арасындағы сыйластық біз үшін қашанда бірінші орында тұрады. Жасы үлкені кішілерге жол көрсетіп, бірлікке шақыруды көздеп, әрдайым ақылдарын айтады. Бұл шара аясында қазақи нақыштағы ұлттық киімдерімізге мән беріп, абысын арасындағы татулықты көрсеткіміз келді. Өйткені бұл мұра – халқымыздың өзіндік қадір-қасиетін, жан-дүниесін, тұрмыс-тіршілігін айқындай түседі,- дейді Бекмағұловтар әулетінің келіні А.Бектасова.

А.НОҒАЙХАН.

ҚҰАНСА БАЛА ҚҰАНСЫН

Шетпенің орталығында орналасқан құрылғанына 17 жыл болған «Шетпе психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бүгінде барша маңғыстаулық тұрғындарға кеңінен мәлім. Осыдан бірнеше жылдар бұрын осы түзету мекемесін біреу білсе, біреу білмеген еді...

ТҮЗЕТУ КАБИНЕТІ- ДАМУДЫҢ ҮМІТ АРАЛЫ



Қазіргі таңда экология әсерінен тағамның құнарсыздығынан жас аналардың жүкті кезінен витаминдер жетіспеушілік, әртүрлі факторлардың әсерінен болса керек кішкентай балалардың даму деңгейі физикалық және ой қабілеті жағынан өз қатарынан кешеуілдеп артта қалуы салдары өкінішке орай жылдан-жылға көбейіп келе жатыр.

Президентіміз Қ.Тоқаев айтып өткендей, «Ел болашағы – ұлттық іргеден басталады» демекші, мемлекеттік мекемеіміздің ең басты міндеті – ерекше балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, балалардың психологиялық дамуын арттыру, коррекциялық жеке-дара түзеу жұмысы арқылы балаларды дамыту.

Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасау эмоционалды түрде де, физикалық түрде де өте ауыр. Қиын болса да әр маман осындай балаларды қоғамға жеке тұлға ретінде қосуға бар күш-жігерін жұмсап аяңған емес.

Г.А.Цукерсанның «Әрбір баланың мінез-құлықты түзетуге, өзіне-өзі сенімділігін арттыруға психологиялық дамыту жұмысы сенімділігін оятады» демекші, кез келген маман логопед, психолог, дефектолог, ЛФК, массаж мамандары ата-аналармен тізе қосып, ауызбіршілік қарым-қатынас арқылы баланы өмірге баулып, өмірге қанаттандырып жұмыстанады. Ағымдағы жылдың 6 айлық қорытындысы бойынша балалардың ішінен 12 бала жақсы нәтижемен біздің мекемеден шығарылды. Түзету кабинетінің басқа білім беру ұйымдарынан ерекшелігі түзеу, даму жұмыстары тоқтамай, үздіксіз жыл бойы жұмыстарын жалғастыра береді.

1 маусым – Балаларды қорғау мерекесіне орай мекемеде балаларға көңілді шара ұйымдастырылып, түрлі ойындар ойнатылды. Балаларға тәттілер таратылып, мерекелік дастарханнан дәм татты. Абай Құнанбаев атамыз айтқандай, «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» демекші, балаларымызды Жаңа Қазақстанның жеке тұлғалы азаматы болуға, дені сау, болашағы зор, аспандары ашық, бақытты бала болуларына шын тілекшіміз.

Шынар МҰРАТОВА,
«Шетпе психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры.

СӘРСЕНБІДЕГІ СҰХБАТ

Қазір қоғамда орын алып жатқан әйелдерге қатысты небір сұмдық жайттарды: ұрып-соғу, зорлық-зомбылық, тіпті адам өлімі секілді дүниелерді естіп, көріп отырмыз.

Бір, екі мәрте даурығып, тілге етілгенмен, арты тым-тырыс жабылып, жазасыз жүрген жәбір көрсетушілер қаншама?! Ары, намысы тапталып, тіпті өміріне қауіп төнсе де «тағдыр» деп жылы жаба салатын нәзік жандыларымыз жоқ емес. Өйткені, жарын жазаласа жан-жағындағыларға келеке, әңгіме боламын деп қорқады. Немесе «ұят боладының» кері. Жалпы біздің қоғам әйелге қорған ба? Қайтсек, тұрмыстық зорлық-зомбылықты азайтамыз? Бұл тақырып туралы газетіміздің «Сәрсенбідегі сұхбат» айдарының қонағы аудандық аналар кеңесінің төрайымы Т.Абдуллаевамен пікір алмасып көрдік.

– Түймеш Базарқызы, сіз, үлкен әулеттің ақ жаулықты анасы, ауданға танымал кәсіпкер әйелсіз. Ауданның тыныс-тіршілігіне етене араласып, түрлі тақырыпта тереңінен сөз қозғай алатын дәрежедесіз. Кәсіпкерлік қызметіңізде де біршама адаммен жұмыстас болып, тағдыры әр қилы әйелдермен де араластыңыз. Сіздің ойыңызша, біздің қоғамда әйел адамның рөлі қандай?

– «Отбасының жүрегі, алтын діңгегі – ана» депті бұрынғылар. Ата-бабамыз жалпы әйел затын адамды жоқтан бар ғып өсіретін, ұрпақты адам етіп тәрбиелейтін, ел мен елді ұйыстыратын ел ұйытқысы – ана деп қастерлеген. Ендеше, біздің қоғам әйелдің рөлін жоққа шығарады деп айта алмаймын. Ананың қоғамда, отбасында алатын орны, атқарар рөлі ұшан-теңіз. Ана – ақылшы, тәрбиеші, үйдің береке-ырысы ғана емес, ол ел мен елді елдіестіруші, араздықты бітістіруші, дәнекерлеуші, ол іскер, қаһарман. Әсіресе қазақ қоғамында аналардың алар орны ерекше болған. Сонау ерте замандардағы наным-сенімдердің түп-тамыры да ана. Иә, ең бірінші әйелді ана деп қабылдау керек. Әйел сенің анаң, әйел сенің балаларыңның анасы, отбасыңның ұйытқысы. Ендеше, әйелге жасалған қастандық анаға жасаған қастандығыңмен бірдей деп айтар едім.

–Қазір, тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбы өзекті болып отыр. Сіздің ойыңызша, бұл мәселенің шешімі бар ма?

- Жалпы бұл тақырыпқа себеп дүние көп... Несін жасырайық, айналамызда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа

ҚОҒАМ ӘЙЕЛГЕ ҚОРҒАН БА?



ұшыраған әйелдер өте көп. Бірақ олардың көбі ашық айтуға қорқады. Жасырады. Іштей тынады. Өз өмірлерін құрбандыққа шалады. Ал оның соңы кішкентай балалардың анасыз қалып, бүтін бір отбасының шыры бұзылады. Аудандық түрлі жиындарда да бұл тақырып кеңінен талқыланады. Ауылдардағы кездесулерімізде аналармен де ашық әңгіме құрып, түрлі семинар-тренингтер өтіп келеді. Дегенмен, әр отбасының сыры өзіне аян. Жаңа айтқанымдай, көбі ашылып айта бермейді.

Өмірге адам баласы жалғыз келгенімен оған жұп болып өмір сүру нәсіп болған. Отбасы болған соң, өмірдің жақсылығы мен жамандығына, қайғы-қуанышына, ерлі-зайыптылар сабыр сақтап өмір сүрулері қажет. Қазақтың дәстүрінде ер баланының тәрбиесіне қатты қараған ғой. Отбасының қорғаны, асыраушысы болып қалыптасуына тәрбиелеген. Ал, қыз баласына тәрбиелі, инабатты, ибалы, мейірімді, аяулы ана, ізгі жар, отбасындағы ер азаматына арқа сүйеп, өмір сүруді үйреткен. Бұл тәрбие әр отбасыда болса, бүгінгідей зорлық-зомбылық тақырыбы

өзекті болмас па еді деп те ойлаймын. Рас, кейбір отбасында әйелдің бала тәрбиесін тастап, мансап, немесе «өзімді өзім асыраймын, күйеуімнен кем жерім жоқ, еркектен артық табыс табамын» деген ойменен, артық кетіп жататын тұстары да болады. Ал, енді бірі ер адамы ішімдікке салынған, тапқанын ішімдікке жұмсап, үйдің берекесін алып, амалсыздан әйелі саудамен немесе мамандығына сай жұмысқа орналасып, ерінен үміт болмаған соң, жұмыс жасап жүрген әйелдер де бар. Осындай отбасындағы ішкі үйлесімдіктің болмауы, ер мен әйел арасындағы кикілжіңге әкеліп жатады. Үйлесімдік емей немене? Ері отбасын асырап, жары бала-шағаның тәрбиесімен, өзінің сүйікті ісімен айналысса бұл отбасыда ұрыс та, жанжал да болмаушы еді. Сондықтан жоғарыда атап өткенімдей, ер бала мен қыз баланың тәрбиесімен әуел баста дұрыс айналысу керек. Әлеуметтік желідегі қызыл-жасыл дүниеге қызықпай, отбасыңның ұйытқысын сақтай білу нағыз батырлық дер едім. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының екі заңына

қол қойды. Біріншісі әйелдер құқықтары мен балалардың қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, ал екіншісі сол саладағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске түзетулер енгізу туралы. Тәриеге бағынбасаң заңмен жазаланасың. Қатаң жаза кез келгенді тәртіпке шақырары сөзсіз.

Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Тағы бір назар аударатын жайт – жас ұрпақтың қауіпсіздігі. Балаларға қатысты жантүршігерлік қылмыстар жиілеп кетті. Мұндай оқиғалар мектепте, көшеде, тіпті үйде болып жатыр. Сорақы жағдайлар оқушылардың өзіне қол жұмсауына себепкер болып отыр. Тіпті ата-аналардың өздері баласына қорлық көрсетіп, оның арты қайғылы жағдайға ұласып жатады. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысы әлсіз. Жауапты мекемелер мен құқық қорғау органдарының қызметі ойдағыдай нәтиже берген жоқ. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саясатын қайта қарауымыз керек» деген болатын. Қоғамдағы, көшедегі, тіпті әр үйдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етпей, дамыған елдердің қатарына қосылуымыз қиын екенін ескерткен Мемлекет басшысы азаматтарымыз еркін жүріп-тұратын қауіпсіз қоғам құру – басты мақсатымыз екендігін айтып келеді. Көрдіңіз ба, «ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген осы. Отбасындағы әке анаға қорлық көрсетсе, шаңырақта береке, таныштық болмаса бұл ертен балаңның тәрбиесінен көрінетіні сөзсіз. Ол бала да болашақ әке деген сияқты ғой... шеті жоқ жалғасып осылай кете береді. Сондықтан, әлемді өзгертіңіз келсе өзіңнен баста. Отбасыңның берекесін ойласаң... әркім өзін тәрбиелесін.

Тағы бір айта кететін жайт, өмірде болып жатқан зорлық-зомбылықтың басты себебі әйелдің өзінің құқығын қорғай алмауы – бұл жағынан әйелге құқықтық сауаттылық керек. Бір жағынан заңның әлсіздігі, осы кезгі заңның толыққанды жұмыс жасамауынан әйелдер заңға жүгінбей келді. Полиция шақырсам, «қазір босатып жіберсе тағы ұрады» деген оймен қорқып келді. Кейінгі заңға енген өзгерістерден кейін әр жерден әйелдер, балалар әлеуметтік желіде өз құқығын қорғауға көмек сұрай бастады. Бұл дұрыс бағытқа бетбұру деп ойлаймын. Өйткені қорықпай сыйлағаның құрысын деген бар. Өз тәжірибемде қоғамдағы аналарға тек полицияға жүгініңіз, өз құқығыңызды заңмен қорғаңыз деп кеңес берем. Нәтижесі де жаман емес. Сондай еркектер қолын кейін тартып заңнан қорқа бастайды. Әйтпесе, талай әйел, бала қор болып жүр.

А.РАХМЕТОВА.